

С. Н. Казиханова* , Т. С. Каленова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.
*e-mail: samanta007@bk.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ІШКІ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Зерттеудің негізгі мәселесі – Қазақстан жастарының басым бөлігі тұрақты түрде шет мемлекеттерге жұмыс істеу үшін елден кетуіне байланысты. Бұл мәселенің шешімін табу үшін еліміздегі жастардың жұмыс істеуі мен оқуы үшін тұрақты нормалар мен әлеуметтік жағдайларды жасауымыз керек. Осы бағытта, біздің зерттеуімізде шетелдік және отандық ғалымдардың тәжірибесі сараланды.

Оның негізгі себептерін зерделеу үшін бұл мақалада еліміздің жастарын дамытудың өмірлік ұстанымдары мен идеяларын қарастырамыз. Бұл зерттеу жастардың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мәселелерін анықтауға, жастардың ішкі көші-қонымен байланысты әлеуметтік проблемаларды жоюға бағытталған одан әрі зерттеулер мен шешімдер қабылдау үшін жас мигранттарды толғандыратын мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы және өкілетті органдарға, азаматтық қоғамдық ұйымдарға жолданған және жас мигранттардың әлеуметтік шиеленіс көзі бола алатын проблемаларын шешуге бағытталған ұсыныстар әзірленді. Зерттеу нәтижелері мигранттардың көпшілігінің зейнетақы қорларында есепшоттары жоқ екенін және олардың балаларына арналған әлеуметтік төлемдер мен басқа да әлеуметтік қолдауды алуға мүмкіндіктері жоқ екенін көрсетті.

Зерттеу барысында еліміздің әр өңірінен бес жүзден астам респонденттер мен 18 бен 28 жас аралығындағы студенттер арасында сауалнама жүргізілді. Шетелде жұмыс істейтін жастардың статистикалық мәліметтеріне салыстырмалы талдау жасалды. Нәтижесінде Қазақстан жастарының шетелге кетуінің негізгі себептері мен салдары анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелерін саясаттану және әлеуметтану пәндері бойынша жастардың көші-қон мәселесі бойынша пайдалануға болады.

Түйін сөздер: Қазақстан жастары, ішкі миграция, шетелде білім алу, әлемдік интеграция, әлеуметтік қолдау.

S. N. Kazikhanova* , T. S. Kalenova 

Eurasian National University named after L.N.Gumilyov, Kazakhstan, Astana
*e-mail: samanta007@bk.ru

The problems and perspectives of internal migration of youth in Kazakhstan

The research clearly identified a majority of young people constantly leave Kazakhstan to work in foreign countries. This problem can be solved by developing social conditions for working and studying which retain the youth in our country. For context, the experience of foreign and domestic scientists was analyzed in our article.



In order to understand the underlying issues raised in this study we should consider the life principles and ideas of youth development which currently exist in our country. This study has brought to our attention the key problems of state policy in the field of youth migration, the need to identify issues that concern young migrants so that future decision-making can target the elimination of social attitudes and problems which cause youth migration.

The study developed recommendations to be directed at the government, local executives, representative bodies and civil society organizations, with a view addressing the problems faced by young people, which are sources of social tension and lead to migration. The research showed that the majority of migrants do not have membership of pension funds and are excluding from the provision of social welfare benefits and allowances for themselves and their children.

More than five hundred respondents and students aged from 18 to 28, from different regions of the country, were interviewed as part of the research. A comparative analysis of statistical data of young people working abroad was also conducted. The main reasons and consequences of the departure of the youth of Kazakhstan abroad were therefore determined.

The practical significance of this research is that it be used when discussing and resolving the issue of youth migration in the subject areas of political science and sociology.

Key words: Youth of Kazakhstan, internal migration, education abroad, global integration, social support.

С. Н. Казиханова* , Каленова Т. С. 
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана
*e-mail: samanta007@bk.ru

Проблемы и перспективы внутренней миграции молодежи Казахстана

Основная проблема исследования заключается в том, что большинство молодежи Казахстана постоянно уезжают из страны на заработки в зарубежные страны. Чтобы найти решение данной проблемы, нам необходимо разработать нормы и социальные условия для работы и учебы молодежи в нашей стране. В этом направлении в нашей исследовании был проанализирован опыт зарубежных и отечественных ученых.

С целью изучения его основных причин, в данной статье мы рассматриваем жизненные принципы и идеи развития молодежи нашей страны. Настоящее исследование позволило обозначить ключевые проблемы государственной политики в сфере молодежной миграции, выявить вопросы, волнующие молодых мигрантов для проведения дальнейших исследований и принятия решений, направленных на устранение социальных проблем, связанных с внутренней миграцией молодежи.

По результатам исследования разработаны рекомендации, адресованные правительству и местным исполнительным и представительным органам, организациям гражданского общества, и направленные на решение проблем, с которыми сталкиваются молодые мигранты, и которые могут служить источниками социальной напряженности. Результаты исследования показали, что, у большинства мигрантов нет счетов в пенсионных фондах и они не имеют возможности получать социальные пособия на детей и другие социальные преимущества.

В ходе исследования опрошена более пяти тысяч респондентов и студентов в возрасте от 18 до 28 лет, приехавших из различных регионов страны. Был проведен сравнительный анализ статистических данных молодых людей работающей за рубежом. В итоге, определены основные причины и последствия выезда молодежи Казахстана за границу.

Практическая значимость исследования заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы в тематике молодежной миграции по предметным областям политологии и социологии.

Ключевые слова: Молодежь Казахстана, внутренняя миграция, образование за рубежом, глобальная интеграция, социальная поддержка

Кіріспе

Соңғы жылдары Жаңа Қазақстан жастарының әлемдік аренаға интеграциясы мен миграциясы өте жоғары деңгейге жетті. Оның себебі көптеген азаматтардың

елімізден шетелге қоныс аударуы мен керісінше елге көшіп келуіне байланысты. Әсіресе, олардың қатарда Қазақстан жастары бірінші орында тұр. Қазіргі уақытта ішкі көші-қон саясаты іс жүзінде мемлекеттің әлеуметтік саясаттан шеттетілген жағдайда. Осы ретте, бұл мақалада көші-қон мәселелері мен себептерін зерделеуде еліміздің жастарының мақсаттары мен идеяларын қарастырамыз. Бұл зерттеу жастардың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мәселелері ретінде анықтауға, олардың әлеуметтік проблемаларды жоюға бағытталған шешімдер қабылдау елімізді толғандыратын мәселелерді анықтауды мақсат еттік.

Халықтың көші-қоны саласындағы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген бірнеше шешімдер бар. 22.07. 2011 ж. қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» № 477-IV ЗРК нормативтік құқықтық актілерде толық қарастырылды. Халықтың ішкі көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың заңмен

бекітілген міндеттеріне «Мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау» (4-бап, 1-тармақта), сондай-ақ «Ішкі көші-қон ағындарын оңтайландыру, көшіп-қонушылардың бүкіл ел бойынша ұтымды қоныс аударуын қамтамасыз ету» ((Халықтың көші-қоны туралы, 2011: 4-бап, 2-тармақ және 7-тармақтарынды) бекітілген. Алайда, көші-қон кезінде көптеген мәселелер туындайды.

2011 жылы Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы қабылданды. Оған сәйкес «Халықтың ішкі көші-қоны мәселелерін шешу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы № 444- стратегиясын іске асыруды ескере отырып жүзеге асырылады (Закон Республики Казахстан «О занятости населения, 2011).

Осы бағытта, атап өтетін мәселе, уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен көші-қон ісінің орындалу барысы мониторингі тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған.

«Мемлекеттік бағдарламаның мақсатына жету үшін белгіленген алты тапсырманың үшеуі орындалмады». Атап айтқанда, ауыл тұрғындарын қоныстандыруды ынталандыру бағдарламасы әзірленбеген және іске асырылмаған. Сондай-ақ тиімді ауылдық қоныстандыру моделі әзірленбеген, оның ішінде

экологиялық жағдайы қолайсыз ауылдық елді мекендер бар (Государственная программа развития сельских территорий Республики Казахстан на 2004-2010 гг.). Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының» орындалу барысы туралы баяндамасында ішкі көші-қон мәселелерінің шешімін таппағанын мойындап, мұны жалпы саясаттың сәйкессіздігімен байланыстырады.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

2008 жылы оралмандар мен күйзеліске ұшыраған ауылдардың тұрғындарын қоныстандыруға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданып, оны жүзеге асыру 2009 жылы үш пилоттық аймақпен басталды. Адам құқықтары жөніндегі комиссия осы бағдарламаны іске асыру тәсілдеріне теріс баға берді. Сондай-ақ Есеп комитеті «Нұрлы көш» бағдарламасының (Программа «Нұрлы көш», 2008). қанағаттанарлықсыз атқарылғанын атап өтті: «2009-2011 жылдары Бағдарлама бойынша 2567 этникалық иммигрант отбасына баспана берілді. Сонымен қатар, ішкі мигранттар Бағдарламаның іс-шараларымен қамтылмаған.

Есеп комитетінің мәліметінше, «Бағдарламаны іске асыру іс жүзінде үзік-үзік болды. Оның қызметін жүзеге асыру үшін тиісті мониторинг және ведомствоаралық өзара іс-қимыл ұйымдастырылмаған». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасында» ауылдық елді мекендердің жағдайы ерекше алаңдатады. Кәсіптік білімге қол жеткізудің шектеулі болуына байланысты еңбек нарығында іс жүзінде бәсекеге қабілетсіз жастар болып танылады. Бағдарламада ауыл жастарының ішкі көші-қонын ынталандыру шаралары қарастырылған. Осылайша, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру мақсатында азаматтарды экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден экономикалық өсу орталықтарына көшіру жоспарлануда.

«2020 жылғы жұмыспен қамту» бағдарламасының негізгі бағыттары:

1. ауыл жастарының мәселелерін бақылау және талдау;

2. ауыл жастарының әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін, оның ішінде білім алу, денсаулық

сақтау, жұмыспен қамту және жас отбасыларды қолдау шараларын қамтамасыз ету;

3. ауылдағы ақпараттық теңсіздікті төмендету;

4. ауылға келген жас мамандарды қолдау (баспана, жеңілдетілген несиелер берілуі);

5. ауыл жастарының үкіметтік емес ұйымдарын дамыту және қолдау (жергілікті бюджет шеңберінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар);

6. ауыл жастарының азаматтық қатысу деңгейін және көшбасшылық қабілеттерін арттыру;

7. салауатты өмір салтын қалыптастыру және жастар ортасында девианттық көріністер деңгейінің төмендеуі (әлеуметтік қызметтер, спорттық жарыстар мен жарыстар, бос уақытты өткізу);

8. жас таланттарды дамыту және қолдау (конкурстар, марапаттар, фестивальдар, көрмелер ұйымдастыру);

9. ауыл жастарының дамуына жағдай жасау үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру (Программа занятости, 2020).

Осы бағытта, премьер Министрдің «ҚР Үкіметі Көші-қон саясатының (2023-2027) жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлдады» деп аталатын мақалада «Қазақстан экономикасына жоғары білікті мамандарды, инвестиция, озық технологияларды тарту үшін жобада визалардың жаңа түрлерін енгізу көзделеді. Ондай визалар жетікші ғалымдарға, оқушыларға, шығармашылық және біздің нарықта аса қажет мамандық еліне беріледі» - деп атап көрсеткен болатын (ҚР Үкіметі Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы).

Осы ретте басым құқық өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз немесе еңбекке қабілетті аз қамтылған халыққа жататын және жиынтық айлық табысы отбасының әрбір бірге тұратын мүшесіне ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын ауыл жастарына беріледі.

Бұл ретте тіркеуге жататын тұлғалар «он күн ішінде уәкілетті органдарға:

- белгіленген нысандағы өтініш,

- бұрынғы тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеуден шығарылғанын растайтын құжат;

- жеке басын куәландыратын құжат,

- және әскери қызметке жататындар жергілікті әскери басқару органдарының әскери есепке қабылданғаны немесе одан шығарылғаны туралы белгісі бар әскери билетті (әскери міндеттілер үшін тіркеу туралы куәлік) ұсынуы тиіс («Ауыл жастары» на 2009- 2011гг.).

Ішкі көші-қон процестерін түсіну үшін ішкі көші-қонды тіркеу барлық азаматтар тұрғылықты жері бойынша толтыруға міндетті тіркеу негізінде жүзеге асырылатынын ескеру қажет. Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу мемлекет айыппұлдарды қолдана отырып, мигранттардың қозғалысына қатаң бақылау орнатуды көздейді. Негізі бұл кеңестік жылдардан бері белгілі, біраз өзгерістерге ұшыраған «прописка» мәселесі (Международная организация по миграции, 2005).

Махмутова Меруерт (2013) бойынша сыртқа кетушілермен қатар, елге келуші мигранттар саны да едеуір өскендеген айта кеткен жөн. Басқарманың есебінде мұндай деректер жоқ, есеп беру нысанында мұндай көрсеткіш қарастырылмаған.

Мониторинг және ведомствоаралық өзара іс-қимыл Есеп комитеті атап өткен «Нұрлы көш» бағдарламасына қатысты ғана емес, ауылдағы әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау мен ынталандыруға бағытталған барлық басқа бастамалар бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар: «Дипломмен – ауыл!», «Ауыл жастары», «Жастар тәжірибесі» және т.б. Бұл бастамаларды жүзеге асыру үшін нақты қандай жұмыстар атқарылғанын және алға қойылған мақсаттардың орындалғанын қадағалап отыру мүмкін емес (Internal Migration in Kazakhstan - Eurasian-research institute, 2021- P.1-3).

Бюджеттік қаражатты бөлудегі ашықтықтың болмауы, есеп берушіліктің жеткілікті деңгейде жүргізілмеуі және көзге көрінетін нәтижелердің болмауы «Ауыл жастары» сияқты қаржылық тұрғыдан алғанда мұндай ауқымды бастамалар халықтың жағдайын нақты жақсартуға әкеледі деген үмітті өшіреді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «тәжірибеге жіберілгендердің саны», яғни тек уақытша жұмысқа орналасқандар туралы есеп беретіндіктен де «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының тиімділігін бағалау мүмкін емес. Тәжірибеден өткеннен кейін жұмысқа орналасқандар саны, яғни жастар үшін тұрақты жұмыс орындарын құру қажет.

Алматы ішкі мигранттар, негізінен жастар үшін тартымды қала. 2011 жылы Алматыға келген барлық мигранттардың 72,3%-ын 14 пен 29 жас аралығындағы жастар құраған. Бұл Алматы қаласы тұрғындарының 31,5 пайызын құрайтын жастардың жоғары үлесін қамтамасыз етеді. Жастардың айтарлықтай ағыны, қалалақ

жерлерде университеттердің жоғары шоғырлануымен байланысты. Жастар саясаты саласында шешім қабылдауға жауапты органдар жастар мәселесіне көбірек көңіл бөлуі қажет. Статистикалық мәліметтерді талдау көрсеткендей, жастардың ауылдан 15 жастан кейін кете бастауына байланысты ауыл тұрғындарының жасының қартаю басымдығы байқалады. Дегенмен, ішкі көші-қонның сенімді есебі қалаларда тіркеудің күрделілігіне байланысты проблемалық күйінде қалып отыр.

Соңғы кездегі еліміздегі көші-қон қозғалысына Матжанова И., Симтиков З., Қайырбекова А. және Матжанова К. (2021) «Соңғы уақытта, әсіресе, COVID-19 салдарын ескере отырып, сыртқы көші-қон процестері күшейе түсті. Қазақстанда және басқа да көршілес посткеңестік елдерде белгілі бір әлеуметтік теңгерімсіздік өткен кеңестік кезеңнен болашақтың әлеуметтік құрылымы мен экономикасына ұзаққа созылған өтпелі кезеңмен байланысты» деп тұжырымдама береді.

И. Осипова (2021) бойынша «Көші-қон ағыны 2014 жылы қайтадан өскен. Бұл – ұлттық валютаның құнсыздануымен және үкіметтің қайта құрылуымен есте қалған жыл. Қазақстанның Ұлттық статистикалық бюросының мәліметтері 2014 жылдан бері көшіп келушілер санының жыл сайын 8-16 пайызға артқанын көрсетеді. 2015 жылы елден 30 мың азамат кеткен болса, 2019 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 30 пайызға өскен және 45,2 мың адамды құрады. Бұл соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш».

Осы бағытта, Қалиева А.В., Е.Қ., Бүйтек, М.К. Мелдаханова (2020) пандемия кезінде жұмысынан айырылған жастарға психологиялық және консультациялық көмек көрсету керек дей келе, келесі әдістерді ұсынады:

- қашықтан жұмыс істей алатын бағдарламашы, аналитик, дизайнер, есепші сияқты мамандықтар бойынша жастарды ауылға көшіру бағдарламасын әзірлеу, дамыған инфрақұрылымы, жоғары сапалы және жылдамдығы жоғары интернеті бар олар үшін жұмыс және қоғамдық сайттар құру, балаларды жайлы тұрғын үймен, балабақшалар мен мектептерден орындармен қамтамасыз ету;

- ауыл шаруашылығы мен өңдеу, туризм саласында шағын кәсіпкерлікті дамыту;

- жетім балаларды әлеуметтік бейімдеу, оларды ауылда еңбекке және тұруға тарту үшін отбасылық балалар үйлері негізінде шаруа

қожалықтарын құру (Қалиева А.В., Е.К., Бүйтек, М.К. Мелдаханова, 2020; 80 б.).

Соңғы жиырма жылдағы 2019 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша ауыл халқының статистикалық 3%-ға өсуі халықтың ауылдардан нақты кетуін және оның қалаларға қарқынды көшуін көрсетпейді. Бір ескеретін жайт, жыл сайын Алматыдан жастар келгеннен гөрі азырақ кетеді. Сондай-ақ, ішкі көшіп-қонушылардың тіркелмегені есепке алынбағандықтан, қалалық жерлерде тұратын жастардың нақты санын есептеу мүмкін емес.

Зерттеуіміздің маңыздылығы ішкі көші-қон бойынша зерттеулер сараланып, сауалнама аясында нақты органдарға ұсыныстар дайындалуы. Ішкі көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатын әзірлеуге және талқылауға қатысушылардың кең ауқымын: сарапшыларды, ел мен өңірлердің дамуына стратегиялық көзқарасы бар талдау институттарын, азаматтық қоғам өкілдерін тарту қажет. Жедел шаралар қабылдау Алматы сияқты мегаполистерде жас мигранттардың маргинализациясын азайтып, әлеуметтік шиеленіс қаупін азайтуға көмектесетін іс-шараларды ұйымдастыруда аса керек.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде әдебиеттерді талдау, сипаттау, ғылыми тұжырымдау әдістерімен қатар, эмпирикалық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында еліміздің әр өңірінен Алматыға келген 18 пен 28 жас аралығындағы 500-ден аса респонденттерге анонимді түрде, яғни респонденттердің аты-жөні, тегі, мекен-жайы жазылмастан жүргізілді. Сауалнама респонденттің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде жүргізілді. Алматылық студенттерге сауалнама әкімшілік ғимараттарда, ҚМЭБИ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жатақханаларында жүргізілді. Сондай-ақ Абылай хан атындағы ҚазХҚ жӘТУ, ҚызМемПУ, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің студенттері арасында сауалнама 2022 жылдың наурыз-мамыр айларында жүргізілді. Барлық сұхбаттар дәстүрлі қағаз әдісі арқылы және гугл форматтағы анкеталар арқылы жеке жүргізілді.

Мақсатты топтың жақындығы зерттеу үшін белгілі бір қиындықтар туғызды. Жастардың ең аз қамтылған және осал топтарының өкілдері сұрақтарға жауап беруден бас тартты, жалпы

алғанда интервьюерлердің оларды диалогқа шақыру әрекеттеріне сенімсіздік танытты.

Нәтижелері және талқылама.

Бұл зерттеу Үкіметтің жастар көші-қоны мәселелеріне қатысты шешімдерін қабылдауда, мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды әзірлеуде, жергілікті атқарушы органдардың саясатында, сондай-ақ донорлық ұйымдардың қызметінде пайдаланылуы тиіс деп санаймыз.


Эксперименттің мақсаты- еліміздегі жас мигранттардың ішкі көші-қон мәселелерін анықтау негізінде оны нығайтуға ұсыныстар беру.

Экспериментке арналған сауалнама көші-қон бойынша Алматы қаласындағы жас мигранттардың саяси-әлеуметтік белсенділігін бағалауда қоғамдық проблемаларды талдау әдістемесі негізінде жүргізілді. Сауалнама сұрақтардың легі келесі санаттарын қамтыды:

- Алматы қаласында тұратын жас мигранттың жалпы сипаттамасы;
- көшу туралы шешім қабылдауға әсер еткен жағдайлар;
- өмір сүру жағдайлары, ағымдағы тіркеу жағдайы;
- қызметтерге қол жеткізу;
- жұмысқа орналасу, табыс және ақша аударымдары;
- әлеуметтік статус;
- қоғамдық-саяси белсенділік.

Зерттеуде сандық және сапалық әдістерді қамтитын сипаттамалық бағалау мен талдаудың жүргізу қолданылды. Зерттеуде жастардың ішкі көші-қоны туралы пікірлері мен көзқарастарының барынша кең ауқымын көрсету үшін қосымша үш фокус-топтар өткізілді. Оған сарапшылар, БАҚ өкілдері, жастардың ҰЕҰ және көші-қон мәселелерімен айналысатын комитеттер қатысты.

Сауалнамаға Алматы қаласында тұратын 14 пен 29 жас аралығындағы 1000 мигрант қатысты (1-сурет). Сауалнамаға қатысқандардың 52,6%-ы ерлер, 47,4%-ы әйелдер. Алматыда тұратын жас мигранттардың басым бөлігі қазақтар, бұл олардың респонденттердің арасында үлкен үлес салмағына әкелді – 84,9%, орыс ұлты – 4,2%, ұйғырлар – 3,3%, 1,3% – татарлар, 0,8% – корейлер, 0,2% - украиндар және 5,3% басқа ұлттар.




1-сурет – Сауалнамаға қатысушылар мінездемесі

Респонденттердің көшуге шешім қабылдауына не себеп болды? Бұл сұраққа жауап бергенде респонденттер бірнеше нұсқаны тандай алады. Жас мигранттардың 57,4%-ы «білім алу», 54,1%-ы үшін «табыс табу» болды. Сауалнамаға қатысқандардың 43,4%-ы себеп ретінде «бұрынғы тұрғылықты жерінде жұмыс/табысы жоқ» деп көрсетсе, 31,8%-ы «өмір сүру деңгейіне қанағаттанбады» деген жауапты тандаса, 21,5%-ы «отбасылық себептермен» деп жауап берген. Сауалнамаға қатысқандардың 1,5%-ы үшін «жеткіліксіз медициналық қызмет көрсету» себеп болған.

Сауалнамаға қатысқан жас мигранттардың жартысынан көбі жалдамалы пәтерлерде немесе 4-5 адамға немесе бірнеше отбасына арналған үйлерде тұрады. Респонденттердің 80%-дан астамы жалдамалы пәтерлерде тұрады. Жатақханадағы тұрғындар оларға уақытша тіркеледі. Барлық студенттер жатақханамен қамтамасыз етілмеген. Респонденттердің 15,4%-ы ата-анасымен/туыстарымен тұрса, 2%-ы жұмыс орнында, көлік жуу орындарында тұрады. Тұрғын үй мәселесін шешу жұмыс табу мүмкіндігін арттырады. Респонденттердің 45,5%-ы Алматы қаласында тіркелген және тек 52,5%-ы тіркелген жерінде тұрады. Жас мигранттардың жартысынан көбі Алматыда тіркелмеген және бұрынғы тұрғылықты жерінде, ауылда немесе қалада тіркелген. Бұл олардың қозғалысы ішкі көші-қон статистикасында көрсетілмегенін білдіреді. Тіркеусіз мигранттар жұмыссыз ретінде тіркеле алмайды, осы мақсатты топқа арналған курстар мен оқу

бағдарламаларына қатыса алмайды және «Жастар тәжірибесі» сияқты әлеуметтік бағдарламаларға қатысуға өтініш бере алмайды. Тіркеудің болмауының негізгі себебі ретінде респонденттер баспананың жоқтығын және тіркелу мүмкіндігін атап өтеді.



2-сурет – Мигранттардың көшу себебі

Сауална нәтижелері көрсеткендей, 500 респонденттің әрбір төртіншісі оның отбасы мүшелері әлеуметтік көмек және/немесе әлеуметтік қамсыздандыру алады, оның жартысынан көбі зейнетақы алады деп жауап берді. Отбасы мүшелері әлеуметтік көмек алатын респонденттердің жартысы студенттер. Отбасы мүшелері әлеуметтік көмек алмағандардың басым бөлігі мұқтаждар санатына жатпайды (92,3%), 3,1% әлеуметтік көмектің қандай түрлерін білмейді деп жауап берді, 2,5% ғана әлеуметтік көмек алады және 2,1% әлеуметтік көмек алуға бюрократиялық кедергілерді атап өтті. Алматыдағы жас мигранттарды ең алдымен баспана, жұмысқа орналасу және білім алу сияқты мәселелер толғандырады.



3-сурет – Мигранттардың тұрмыс жағдайлары

Сауалнама шеңберінде респонденттерге ұсынылған тізімнен олар қызметіне қатысты көптеген қиыншылықтар мен кедергілер бар екендігі анықталды.

Білім алғаннан кейін жастарды ауылға қайтару әрекеті, оның барлық есептік тартымдылығына қарамастан, елестету мүмкін емес. Өйткені инфрақұрылымды дамытпай, ауыл ұзақ уақыт бойы кадрларды ауылдар мен аймақтарда ұстай алмайды. Біз ұйымдастырған сауалнамаға қатысушылар атап өткендей, ауылдық жерлерде ағын су, үздіксіз электр энергиясы, газ, жол, интернет, спорт және мәдениет нысандары сияқты ең төменгі қолайлылық пен өркениетті өмір сүруге жағдай жасалмаса, жастар ауылда қалмайды. Ауылдардағы мұндай инфрақұрылым бюджет қаражаты есебінен жасалса да, оны үнемі жұмыс жағдайында ұстау қажет. Ауылда жұмыс орындарын ашпайынша, ауыл шаруашылығы мен өңдеуші кәсіпорындарды дамытпай ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту мүмкін емес. Ішкі мигранттарды тіркеудің қиындығы күрделі мәселе. Бірде-бір мемлекеттік органда

Алматыда қанша ішкі мигранттар тұратыны және олардың арасында қанша жас бар екені туралы ақпарат жоқ. Тіркеусіз өмір сүретін ішкі мигранттарға жазаны күшейту көші-қон ағынының төмендеуіне әкелмейді, тек ұлғаюына ықпал етеді.

Бұл туралы, Асланбек Қ.Әмрин, Сәуле А.Қалиева және Фарида Г.Әлжанова (2020) Қазақстанның Жібек жолы экономикалық белдеуінде шешуші рөл атқаратынын, өйткені оның үлкен бөлігі ел арқылы өтетінін жазды. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «Нұрлы жол» жобаларын жүзеге асырудағы Қазақстан үшін экономикалық тиімділік тек әлеуетті транзиттік кірістерде ғана емес, көлік қатынасын жақсарту сервистік және өндірістік инфрақұрылымды дамытуға әкеліп, жергілікті халық үшін жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Қазақстан аумағында біркелкі қоныстану жағдайларының соңғы факторы ерекше маңызға ие (Асланбек Қ.Әмрин, Сәуле А.Қалиева және Фарида Г.Әлжанова, 2020; б.168).

Сонымен, жүргізілген жұмыстарымыздың қорытындысы бойынша мәселелер маңыздылығына қарай сараланып, нақты органдарға ұсыныстар дайындалды. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдарына келесі ұсыныстарды арнаймыз:

- Жас мигранттардың нақты санын есептеу үшін Алматы қаласындағы ішкі мигранттарды тіркеу жүйесін әзірлеу керек,

- Осы деректер негізінде жас мигранттардың тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік және медициналық қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек, балалар жәрдемақысы және басқа да жәрдемақылар алу, балабақшаларға, мектептерге орналастыру және т.б. қажет;

- Алматы қаласы статистика департаменті жастар арасындағы жұмыссыздық және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны туралы нақты статистиканы қамтамасыз етуі тиіс.

- осы зерттеуде анықталған мәселелерді шешуге бағытталған ішкі жас көшіп-қонушыларға көмек көрсетудің кешенді қалалық бағдарламасын әзірлеу: тіркеу, тұрғын үй, жұмысқа орналасу, балабақшаға қолжетімділік және т.б. қажет;

- Университеттер мен колледждердің әкімшілігімен бірлесе отырып, барлық мұқтаж студенттерді қамтамасыз ету үшін жоғары және

орта арнаулы оқу орындарының студенттеріне жатақхана салу;

- Үйсіз жүрген жас мигранттар үшін орташа бағаға муниципалды жатақхана салу;

- Инфрақұрылымдық объектілерді: балабақшаларды, мектептерді, емханаларды қамтамасыз ете отырып, жастар тұрғын үй кешендерінің құрылысын дамыту;

- Тіркелген жас көшіп-қонушыларға жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдерін бөлу;

- Муниципалды жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту.

- www.almaty.kz сайтында Алматыда «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының қалай жүзеге асырылғаны, қанша тұрақты жұмыс орны ашылғаны және оған қанша бюджет қаражаты жұмсалғаны туралы мәліметтерді жариялау.

- «Жастар тәжірибесі» бағдарламасын одан әрі іске асыруды және жастар үшін құрылған тұрақты жұмыс орындарының қорытынды көрсеткіштерін, яғни тағылымдамадан өтушілердің қайсысы тұрақты келісім-шартқа отыру арқылы жұмыс орнында орнықты бола алғаны туралы мәліметтерді түзету.

Тіпті, жас мигранттарды білімге қызықтыру үшін оларға оқу мерзіміне шәкіртақы, қоғамдық көлікте тегін жүруге жол жүру билеттерін, тамақ пен жатын орынмен қамтамасыз ету қажет.

Болашақта мұндай оқытуды қамтамасыз ету тұрақты практикамен және тәлімгерлікпен біріктірілуі керек. Сонымен қатар, тәлімгер де қамқорлықтағылардың жетістігіне байланысты жалақысына қосымша ақы алуы керек. Жастар тәжірибесі бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасуды ұсынатын жұмыс берушілерді мұқият таңдап, олардың тағылымдамадан кейін тұрақты жұмыс орнын құру мүмкіндіктерін зерттеу аса қажет. Бұл еліміздің экономикалық, инфрақұрылымдық, индустриялық бағыттарын да дамытуға көмектеседі.

Осы бағытта Айнагүл Арбашиева, Мағбат Спанов (2022 ж.) «өңірлердің индустриялық және туристік әлеуетін дамыту үшін арнайы экономикалық аймақтар құру арқылы; өңірлердің инфрақұрылымын, яғни көлікті, қоғамдық орындарды дамыту мәселелерін шешу, жоғары оқу орындарының қолжетімділігін жеңілдету арқылы; инвестициялық ахуалды жақсарту, сондай-ақ ірі кәсіпорындардың аймақтардағы экологиялық жағдайға ықпалы үшін құқықтық бақылау мен жауапкершілікті күшейту арқылы» дамытуға мүмкіндік бар екендігін баса көрсетеді (А. Арбашиева, М. Спанов, 2022; б.98].

Тұжырымдай келе, Қазақстанға болашақта көші-қон жағдайын жақсартуда келесі мәселелер шешімін табуы керек:

- GCM стратегиялары мен мақсаттарын ұлттық көші-қон саясатына одан әрі интеграциялау;

- мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты ұлттық заңнаманы жетілдіру, БҰҰ-ның барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенциясын ратификациялауды қайта қарау, БҰҰ-ның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі комитетінің еңбекші-мигранттардың құқықтары мен құзыретін тану;

- статистикалық көші-қон деректерін жинақтау және мониторингтеу деңгейін арттыру және оларды халықаралық көші-қон статистикасымен үйлестіру, көші-қон үрдістерін болжау механизмін әзірлеу;

- көші-қон процестері туралы ақпаратты, мемлекеттік органдардың көші-қонды реттеу операцияларының нәтижелерін ұсыну, халықтың көші-қонынан зардап шеккен адамдардың құқықтары мен міндеттерін кеңінен насихаттау;

- құқықтарды сақтау, мигранттар үшін кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғау, оларға көмек көрсету және қолдау арқылы көші-қонның әртүрлі кезеңдерінде мигранттар ұшырайтын тәуекелдерді азайту және осалдықтарды жою;

- еңбекші-мигранттардың тұрақты жұмысқа қолжетімділігін жақсарту, әлеуметтік және қаржылық интеграцияға жәрдемдесу, олардың инвестициялық және кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыратын мақсатты бағдарламаларды әзірлеу;

- мигранттардың гендерлік құқықтарын, балалардың мүдделерін қорғау және көші-қонның барлық кезеңдерінде қолдау көрсету, туған елдерінен кетуге мәжбүр болған мигранттарды қабылдау мен орналастыруды жақсарту және хабар-ошарсыз кеткендерді іздеу шараларын нығайту керек. Қауіпсіз және тұрақты көші-қон туралы жаһандық шартты ұлттық кешенді және прогрессивті түрде іске асыру жалғасын табуға барлық жағдайлар жасау керек.

Қорытынды және тұжырамдама

Қорыта келгенде, макроэкономикалық тұрғыдан алғанда иммиграция қабылдаушы елге бірқатар жеңілдіктер береді. Еліміздің шаруашылығын мен өнеркәсібінде жұмыс

істейтін азаматтар балансын жақсартады және жастар арасында іскерлік белсенділік күшейеді.

Сонымен қатар, халықаралық еңбек миграциясы жіберуші елге белгілі бір жеңілдіктер ұсынады. Бұл жеңілдіктер жұмыссыздық деңгейі және оның әлеуметтік қызметтерінің құны төмендетуге бірден-бір себеп бола алады. Тіпті шетелдегі кейбір эмигранттар өз бизнесін ашу үшін еліне капиталмен оралады.

Ал еңбек эмиграциясының жағымсыз салдары келесі мәселелермен тығыз байланысты. Негізгі мәселе, халыққа жұмсалатын ұлттық ресурстары төмендейді. Бұл ұлттық экономиканы әлсіретіп, елдің ғылыми әлеуетін әлсірететін білімді жастардың шетелге ағылуы орын алуда. Сонымен қатар, еліміздегі демографиялық жағдайдың да әлсіруіне әкеп соғады.

Мигранттардың құқықтық, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін әлі де болса кешенді зерттеулер қажет.

Әдебиеттер

- Закон Республики Казахстан //№ 477- IV ЗРК // О миграции населения- [Электрон. ресурс] -22.07.2011- 2017. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31038298 (дата обращения 04.02.2023).
- Закон Республики Казахстан «О занятости населения»// С изменениями и дополнениями, которые были внесены в соответствии с Законом РК от 27.06.2011 № 444-IV [Электрон. ресурс] -2021. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38847468 (дата обращения 04.02.2023).
- Государственная программа развития сельских территорий Республики Казахстан на 2004-2010 гг. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 10.07.2003 г. № 1149 [Электрон. ресурс] - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U030001149_links (дата обращения 04.02.2023)
- Программа «Нурлы кош» // Постановление Правительства от 2.12 2008- №1126 [Электрон. ресурс] -2023 URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080001126_ (дата обращения 04.02.2023).
- Программа занятости 2020 //Постановление Правительства РК от 31.03.2011- №316. [Электрон. ресурс] – 2020. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000316> (дата обращения 04.02.2023).
- ҚР Үкіметі Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы –ҚР Премьер Министрінің ақпараттық ресурсы–[Электрон. ресурс] -2022 - URL: <https://primeminister.kz/kz/news/kr-ukimeti-koshi-kon-sayasatynyn-2023-2027-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasyn-makuldady-29104434> (дата обращения 04.02.2023).
- План мероприятий общенациональной инициативы «Ауыл жастары» на 2009- 2011 гг. // Информационно-правовая системанормативных правовых актов Республики Казахстан - Распоряжение Премьер-министра РК №76-р от 25.05.2009г. –[Электрон. ресурс] -2022. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/R090000076_links (дата обращения 04.02.2023).
- Международная организация по миграции //Глоссарий терминов в области миграции// Международное миграционное право №2 – 2005 – С. 1-10.
- Махмутова М. Внутренняя миграция молодежи в Казахстане: на примере г. Алматы/ Махмутова М. -2013 – 67стр. Internal Migration in Kazakhstan - Eurasian-research institute, 2021- P.1-3.
- Matzhanova, I., Simtikov, Z., Kairbekova, A., & Matzhanova, K. Stratification of Youth Employment and Departure Abroad with the Purpose of Work: Kazakhstan and Neighboring Countries. Journal of Ethnic and Cultural Studies, 8(3) - 2021- P. 95–112..
- Osyrova I One-Way Ticket, or the New Trends of Emigration From Kazakhstan- Central Asian Bureau for Analytical Reporting, 2021- P. 1-4.
- Kaliyeva A.V., Buitek E.K., Meldakhanova M. K. Analysis of the youth labor market in the Republic of Kazakhstan in the context of global challenges- Economics: strategy and practice - 2020- No 4 (15) –P. 74-81.
- Aslanbek K. Amrin, Saule A. Kaliyeva and Farida G. Alzhanova Migration Processes in Kazakhstan in the Context of the Formation of the Silk Road Economic Belt - Journal of Population and Social Studies, Volume 28 Number 2, April - 2020 –P. 156 - 174.
- Arbashiyyeva A., Spanov M. Migration Processes of Labor Resources in the Regions of Kazakhstan within the EEU - Eurasian Journal of Economic and Business Studies - #1 (63)- 2022- p.80-99.

References

- Zakon Respubliki Kazakhstan //№ 477- IV ZRK // O migratsii naseleniya [About population migration]- [Elektron. resurs] - 22.07.2011- 2017. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31038298 (data obrashcheniya 04.02.2023). [in Russian]
- Zakon Respubliki Kazakhstan «O zanyatosti naseleniya» [About employment of the population]// S izmeneniyami i dopolneniyami, kotoryye byli vneseny v sootvetstvii s Zakonom RK ot 27.06.2011 № 444-IV [Elektron. resurs] -2021. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38847468 (data obrashcheniya 4.02.2023). [in Russian]
- Gosudarstvennaya programma razvitiya sel'skikh territoriy Respubliki Kazakhstan na 2004-2010 gg. [The State Program of Rural Development of the Republic of Kazakhstan for 2004-2010.] Utverzhdena Ukazom Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 10.07.2003 g. № 1149 [Elektron. resurs] - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U030001149_links (data obrashcheniya 04.02.2023) [in Russian]
- Programma «Nurly kosh» [Nurly Kosh Program] // Postanovleniye Pravitel'stva ot 2.12 2008- №1126 [Elektron. resurs] -2023 URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080001126_ (data obrashcheniya 04.02.2023) [in Russian] Programma zanyatosti 2020 [Employment Program 2020] //Postanovleniye Pravitel'stva RK ot 31.03.2011- №316. [Elektron. resurs] – 2020. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000316> (data obrashcheniya 04.02.2023). [in Russian]

Қ, R Үкіметі Көші-қон саясатынұң 2023-2027 зһылдарға арналған тұзһырымдамасы [The concept of migration policy of the government of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027] –Қ, R Прем'ер Министрінің ақпараттық, ресурсы–[Электрон. ресурс] -2022 - URL: <https://primeminister.kz/kz/news/kr-ukimeti-koshi-kon-sayasatynyn-2023-2027-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasyn-makuldady-29104434> (data obrashcheniya 04.02.2023). [in Kazakh]

Plan meropriyatiy obshchenatsional'noy initsiativy «Auyl zhastary» na 2009- 2011 gg. [Action plan of the national initiative "Auyl Zhastary" for 2009 - 2011] // Informatsionno-pravovaya sistemnormativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan - Rasporyazheniye Prem'yer-ministra RK №76-r ot 25.05.2009g. –[Elektron. resurs] -2022. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/R090000076_links (data obrashcheniya 04.02.2023). [in Russian]

Mezhdunarodnaya organizatsiya po migratsii [International Organization for Migration] //Glossariy terminov v oblasti migratsii// Mezhdunarodnoye migratsionnoye pravo №2 – 2005 – S. 1-10.

Makhmutova M. Vnutrennyaya migratsiya molodezhi v Kazakhstane: na primere g. Almaty [Internal migration of youth in Kazakhstan: on the example of Almaty] / Makhmutova M. -2013 – 67str. [in Russian]

Internal Migration in Kazakhstan - Eurasian-research institute, 2021- P.1-3. [in English]

Matzhanova, I., Simtikov, Z., Kairbekova, A., & Matzhanova, K. Stratification of Youth Employment and Departure Abroad with the Purpose of Work: Kazakhstan and Neighboring Countries. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 8(3) - 2021- P. 95–112. [in English]

Osyppova I One-Way Ticket, or the New Trends of Emigration From Kazakhstan- Central Asian Bureau for Analytical Reporting, 2021- P. 1-4. [in English]

Kaliyeva A.V., Buitek E.K., Meldakhanova M. K. Analysis of the youth labor market in the Republic of Kazakhstan in the context of global challenges- *Economics: strategy and practice* - 2020- No 4 (15) –P. 74-81. [in English]

Aslanbek K. Amrin, Saule A. Kaliyeva and Farida G. Alzhanova Migration Processes in Kazakhstan in the Context of the Formation of the Silk Road Economic Belt - *Journal of Population and Social Studies*, Volume 28 Number 2, April - 2020 –P. 156 - 174. [in English]

Arbashiyeva A., Spanov M. Migration Processes of Labor Resources in the Regions of Kazakhstan within the EEU - *Eurasian Journal of Economic and Business Studies* - #1 (63)- 2022- p.80-99.